1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank арқылы жазылу

№64 (10571) 28 ШІЛДЕ, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҮКІМЕТ НАЗАРЫНДАҒЫ Маңғыстау және екі ел әріптестігінің ЖАҢА БЕЛЕСІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОЛЖАС БЕКТЕНОВТІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ ӨҢІРДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫН ТАҒЫ БІР МӘРТЕ АЙҚЫНДАДЫ. САПАР БАРЫСЫНДА КӨЛІК-ЛОГИСТИКА, ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП САЛАЛАРЫНДАҒЫ ІРІ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ, ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ АЯСЫНДА ЕКІЖАҚТЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨҢІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ.

Зухра ӘБДІЛ-САТТАР

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ МАҢҒЫСТАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ТЕКСЕРДІ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Мемлекет басшысының өңірдің экономикалық әлеуетін нығайту және негізгі инфрақұрылымдық жобаларды дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексеру мақсатында Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Транскаспий халықаралық көлік бағытын (ТХКБ) дамыту, энергетикалық қауіпсіздік пен өнеркәсіпті жаңғырту, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері кеңінен қаралды.

Үкімет басшысының жұмыс сапары Ақтау халықаралық әуежайынан басталды. Мұнда Премьер-министрге өңірдің көлік-логистикалық әлеуеті мен ТХКБ-ны дамыту жоспарлары таныстырылды. Кейінгі үш жылда Қазақстан порттары арқылы контейнерлік транзит көлемі 3,8 есеге өсіп, 42 мың жиырма футтық эквивалентке жетсе, порттардың жиынтық өткізу қабілеті жылына шамамен 200 мың ЖФЭ-ге жеткен. Олжас Бектенов Каспий теңізінің жағалауында заманауи кеме құрастыру верфін салу жобасымен танысты.

Инвестиция көлемі кемінде 125 млрд теңгені құрайтын бұл жобаны «YDA Group» компаниясы жүзеге асырады. Кәсіпорында азаматтық және арнайы кемелерді жобалаудан бастап, оларды жөндеуге дейінгі толық өндірістік цикл, тіпті экипажсыз суүсті аппараттарын шығару жолға қойылады. Нысан жылына 8 жаңа кеме жасап, 24 кемені жөндеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ 1,5 мың тұрақты жұмыс орны ашылады.

Сонымен қатар Ақтау әуежайы базасында әуе, теңіз, темір жол және автомобиль көлігін біріктіретін мультимодальды логистикалық және авиациялық хаб құру жобасы қаралды. Кешенде жылына 200-ден астам әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетіліп, 3,5 мың тұрақты жұмыс орны құрылады.

Логистиканың тағы бір маңызды буыны – Құрық портындағы көпфункционалды терминал құрылысы. Крейсерлік бағыттағы бұл жоба Қытайдың «Guoyou Materials Group» компаниясының 470 млрд теңге инвестициясы есебінен жүзеге асады. Нысанның бірінші кезеңі (2026–2028 жж.) өткізу қабілетін жылына 15 млн тоннаға жеткізсе, барлық кешен аяқталған соң, ол 25 млн тоннаға дейін ұлғайып, 800 жұмыс орнын ашады.

ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

Сапардың келесі бағыты өңірдің өнеркәсіптік және энергетикалық жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде мұнай өңдеу мен битум өндіру қуаты 1,5 есеге артты. Кәсіпорында экологиялық қауіпсіздік пен ауа сапасын тәулік бойы бақылау жүйесі де іске қосылған.

Өңірдің энергетикалық тапшылығын жою да басты назарда болды. «Ақтау энергетикалық компаниясы» ЖШС алаңында қуаты 160 МВт болатын бу-газ қондырғысының құрылысы жүріп жатыр. $210 млн инвестиция тартылған жобаның құрылыс-монтаждау жұмыстары 30%-ға орындалған, оны 2027 жылдың маусымында пайдалануға беру жоспарланған.

Бұдан бөлек, «МАЭК» ЖШС базасында электр қуаты 500 МВт-қа дейін және жылу қуаты сағатына 560 Гкал болатын жаңа бу-газ қондырғыларын салу және Ақтау қаласы үшін сағатына 363 Гкал қуаттылығы бар орталық қазандық тұрғызу жобалары таныстырылды. Бұл жобалар қаланың жылу тапшылығын жойып, тұрғын үй мен әлеуметтік инфрақұрылымның 2 млн



нысандарына арналды. Премьер-министр «Caspi bitum» БК» ЖШС зауытына барып, жол битумын өндіру көлемін көрді. 2025 жылы аяқталған шаршы метрден астам аумағын жылумен қамтамасыз етеді.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 ЖЫЛҒЫ 23 ТАМЫЗДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ӨТЕДІ.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жарияланауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТАРИХИ НЫСАНДАРЫ ЮНЕСКО ТІЗІМІНЕ ЕНДІ



ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ПУСАН ҚАЛАСЫНАН ЮНЕСКО-НЫҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК МҰРА КОМИТЕТІНІҢ 48-СЕССИЯСЫНДА «МАҢҒЫСТАУДЫҢ ЖАРТАСТЫ МЕШІТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН САБАҚТАС НЫСАНДАР» БҮКІЛӘЛЕМДІК МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕНДІГІ ТУРАЛЫ ҚУАНЫШТЫ ХАБАР КЕЛІП ЖЕТТІ. БҮКІЛ ЕЛ ҚУАНҒАН ЖАҢАЛЫҚҚА МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАРДЫҢ ТЕБІРЕНІСІ ЕРЕКШЕ.

Өзіндік архитектуралық айшығы, мұралық маңызы бар Маңғыстаудағы Шопан ата, Қараман ата, Шақпақ ата, Сұлтан епе және Бекет ата жартасты мешіттері сынды киелі бес кешен әлемдік деңгейде танылып, хатталды. Маңғыстаудың шөл даласынан тіл қатар тірі ескерткіштей елдің айрықша ықыласына ие таудан үңгіп, тастан қашалып жасалған жартасты мешіттер – біздің даму өркениетіміздің көрнекті әрі маңызды сатысы, мәдениетіміз бен руханиятымыздың жарқын дәлелі. Бұған дейін жерасты мешіттері аталып келген кейбір мешіттердің жартасты аталуы да олардың орналасуын, сәулеттік сипатын нақтылап тұр.

(Жалғасы 2-бетте)